

С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ ЖАТАҚХАНАЛАРЫНДА ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жатақханада тұратын шетелдік студенттердің:

- Оқу және мәдени-тұрмыстық жағдайларға тағайындалған жабдықтармен, жатақхана мүліктерімен қолдануға (нұсқаулық бойынша);
- Әкімшіліктің рұқсатымен басқа тұрғын үй алаңына көшуге құқығы бар.

Жатақханада тұратын шетелдік студенттер:

- С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті студенттік жатақханаларының ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтауға;
- Астана қаласы Ішкі істер департаменті Көші-қон басқарма полициясында ауданаралық әкімшілік соттың шешіміне байланысты 10 АЕҚ – 100 АЕҚ (1 айлық есеп көрсеткіші – 1618 теңге) көлемінде айыппұл төлеу, 10 күндік мерзімге уақытша қамауда ұстау немесе ережені бұзған түріне қарай 5 жылға Қазақстан Республикасынан кетіру (депортация) жазалары болмас үшін, Халықаралық ынтымақтастық және көптілді оқытуды дамыту орталығы (одан әрі ХЫ және КОДО) арқылы уақытында тіркелуге;
- Жатақханада тіркеу орны бойынша 1 тәуліктен артық болмаған жағдайда жатақхана әкімшілігін өзінің тұрған жері туралы хабар беруге;
- Жатақхана ғимаратына, жабдықтары мен мүліктеріне күтіммен қарауға, электр қуатын, газ бен суды үнемдеп жұмсауға;
- Тұрғылықты ғимараттарда және жалпы қолданыстағы жерлерде тазалық пен тәртіпті сақтауға, тұратын бөлмелеріне күнде тазалық жүргізуге;
- Университеттің белгіленген тәртібімен бекітілген тарифтері мен мөлшерлері бойынша жатақханада тұруға, төсек жабдықтарына және басқа да қосымша ұсынылған қызметтерге уақытында төлем төлеуге;
- Қолданыстағы заңдар мен жасалған келісімшартқа сәйкес материалдық залал келтіргені үшін құның өтеуге;
- Қосымша жиһаз және/немесе электр құрылғыларын бекітілген бөлмеге орналастыруға жатақхана әкімшілігінің жазбаша рұқсатын алуға;
- Жатақхана әкімшілігін:
 - а) өрт болу мүмкіндігі туралы;
 - ә) жатақхананың жылу, су және энергиямен қамтамасыз ету жүйесіне қауіп төндіретін жағдайлар туралы;
 - б) белгісіз күдікті заттардың табылғаны туралы;
 - в) жатақханада терроризмнің тарапынан болған тәртіп бұзушылық негізіндегі ішкі істер органдары қамауға алған жағдайда, уақытында университеттің ХЫ және КОДО-на хабар беруге міндетті.

Ішкі істер органдары профилактикалық шаралар мақсатымен жатақханада бақылау жорығын ұйымдастырып отырады. Ғимаратты және құжаттарды тексеруге бөгет жасамай, аталмыш рәсімге түсіністік білдіруіңізді сұраймыз. Бір-біріңізге, Сіздердің елдеріңіздегі дін мен мәдениет ұстанымдарыңызға сыйластықпен қарауды сұрайды.

Қатаң түрде:

- Жатақханада ішімдік сусындарын ішуге;
- Жатақханаға мас күйінде келуге;
- Нашақорлық және психотропты заттарды өндіруге, сақтауға, қолдануға және сатуға;
- Жаман сөз айтуға тыйым салынады.